



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

# ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Ақпан 2025

2025 жылғы ақпанда жылдық инфляция едәуір жеделдеп, 9,4%-ға жетті. Инфляцияның барлық құрамдас бөлігінде бағаның жылдық өсу қарқыны үдегені байқалады. Өндіруші бағаларының өсуі мен кейбір тауарлар өндірісінің төмендеуі аясында көптеген азық-түлік өнімдері қымбаттағаны тіркелді. Азық-түлік емес инфляция тұрақты тұтыну сұранысы мен 2024 жылдың аяғындағы номиналды айырбас бағамының әлсіреуіне жауап ретінде баға түзетулерінің жалғасуы байланысты жеделдеді. Ақылы қызмет инфляциясы реттелетін тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің айтарлықтай қымбаттауына, сондай-ақ кейбір нарық қызметтерінің бағасы өсуіне байланысты жеделдеді.


2025 жылғы ақпанда жылдық инфляция 9,4%-ға дейін жеделдеді (2025 жылғы қаңтарда – 8,9%). Айлық баға өсімінің қарқыны да үдеп, 1,5%-ды құрады.

Маусымдық факторлар ескерілмеген инфляцияның айлық көрсеткіші 1,3%-ға дейін жеделдеді (2025 жылғы қаңтарда – 1%), ал жылдық мәнде көрсеткіш 16,9%-ға дейін өсті (12,8%) (1-график).



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеулері

2-график. Әртүрлі ТБИ топтары бойынша маусымдық факторлар ескерілмеген баға өсімі, а/а, аннуал., %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеулері


Маусымдық факторлар ескерілмеген инфляция құрылымында азық-түлік инфляциясы 1,2%-ға, азық-түлік емес инфляция 1%-ға, ақылы қызмет инфляциясы 1,9%-ға дейін жеделдеді.

Маусымдық түзетуді ескере отырып, ет, кофе, шай мен какао, балық және теңіз өнімдері, майлар мен тоң майлар, қант, джем, бал, шоколад пен кондитерлік өнімдер, жеке пайдалануға арналған электр құралдары, тұрмыста және бау-бақшада қолданылатын құралдар мен жабдықтар, дыбыс-бейне шолу жабдығы, тұрғын үй-коммуналдық қызметтер, кешенді демалысты ұйымдастыру және денсаулық сақтау қызметтері бағасының айтарлықтай өскені тіркелді (2-график).

2025 жылғы ақпан айында әртүрлі әдістер бойынша есептелген маусымдық факторлар ескерілген базалық инфляцияның медианалық мәні<sup>1</sup> өсуді жалғастырып, айлық көрсеткіште 1,1%-ға, жылдық мәнде 14,2%-ға жетті. Бұл көрсеткіштің жеделдеу үрдісі 2024 жылғы қазаннан бері байқалады.

Сонымен қатар, базалық инфляция бағалауларының төменгі және жоғарғы шекаралары да өсуін жалғастырып, көптеген тауар мен қызметке инфляция қысымы күшейіп келе жатқанын көрсетеді (3-график).

3-график. Базалық инфляция: әртүрлі есептеу әдістері, а/а, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

### Азық-түлік инфляциясы

2025 жылғы ақпанда азық-түлік бағасының жылдық өсімі 6,5%-ға дейін жеделдеді (2024 жылғы қаңтарда – 5,8%). Ең қатты баға өсімі ет, көкөніс, майлар мен тоң майлар, сондай-ақ қант, джем, бал, шоколад пен кондитерлік өнімдерге қатысты байқалды. Сонымен қатар, нан-тоқаш өнімдері, жармалар, сүт өнімдері бағасының жылдық өсу қарқынының баяулауы және жұмыртқа бағасының жылдық дефляциясы инфляцияға тежегіш әсер берді (4-график).

4-график. Жылдық азық-түлік инфляциясындағы тауарлар бағасының үлесі



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеулері

<sup>1</sup> Базалық инфляция – бағаның тұрақты өзгеруін сипаттайтын шама. Қысқартылған орташа мән сол айдағы бағалардың ең аз 10% және ең көп 10% маусымдық факторлар ескерілмеген өзгерістерін есептен шығару арқылы есептеледі; ең құбылмалы 8 компонентсіз базалық инфляция инфляциядан соңғы 2 жылдағы бағалардың маусымдық факторлар ескерілмеген өзгерістерінің стандартты ауытқуы ең жоғары 8 компонентті алып тастау арқылы анықталады; медиана – сол айда маусымдық факторлар ескерілмеген бағаның өзгеруін бөлудің 50% процентілі. Қазақстан Ұлттық Банкі базалық инфляцияны көптеген тәсіл арқылы бағалайды. Есептеу әдістемелерінің сипаттамасы Ұлттық Банктің ресми сайтында «Қазақстанның базалық инфляцияны бағалау әдістері» мақаласында жазылған.

2025 жылғы ақпан айында азық-түлік тауарларының айлық бағасы 1,5%-ға өсті (2025 жылғы қаңтарда – 1,4%). Азық-түлік инфляциясының жеделдеуі кей тауар топтарындағы бағаның айтарлықтай өскеніне байланысты болды, атап айтқанда: ет, көкөніс, майлар мен тоң майлар, кофе, шай және какао. Сонымен қатар, азық-түлік өнімдерінің басым бөлігі қымбаттады.

2025 жылғы ақпанда ет бағасы 2,1%-ға өсті (2025 жылғы қаңтарда – 1,1%) және бұл тұтыну қоржынындағы жоғары үлесіне байланысты азық-түлік инфляциясына ең көп үлес қосты. Сиыр еті 3,7%-ға (1,8%), қой еті 2,3%-ға (0,6%) қымбаттады, бұл ауыл шаруашылығы өндірушілерінің бағаны өсіруіне байланысты. СЖРА ҰСБ мәліметі бойынша, 2024 жылы ішкі нарықта сиыр және қой етін сату көлемі 2023 жылмен салыстырғанда төмендеді.

Алдыңғы айлармен салыстырғанда бәсеңдегеніне қарамастан, көкөніс бағасының өсуі азық-түлік инфляциясына елеулі үлес қосуда. Ақпан айында көкөніс 5,6%-ға қымбаттады (2025 жылғы қаңтарда – 6,1%). Әсіресе, қияр, ақ және гүлді қырыққабат, қызанақ бағасы өсті. Көкөніс бағасының өсуі маусымдық факторларға байланысты деп түсіндіріледі. Маусымдық факторларды ескергенде, 2025 жылдың ақпанында көкөністер бойынша айлық дефляция байқалды.

Ақпан айында майлар мен тоң майлар 1,2%-ға қымбаттады (2025 жылғы қаңтарда – 3,5%). Әсіресе, күнбағыс майының бағасы айтарлықтай өсіп, 3%-ға жетті (3,9%). Бұл өсім өңдеу өнеркәсібіндегі өндірушілердің бағасы өскеніне және күнбағыс дәнінің қымбаттағанына байланысты болды.

2025 жылғы ақпанда кофе, шай және какао бағасы 2,1%-ға өсті. Бұл санатта какао бағасының 4,5%-ға көтерілуі какао бұршақтарының әлемдік бағасының жоғары болуына байланысты. Импорттық шикізаттың қымбаттауы өңдеу өнеркәсібінде какао мен шоколад өндіруші бағаларының айтарлықтай өсуіне алып келді. Осыған байланысты шоколад бағасы да 4,5%-ға қымбаттады.

### Азық-түліктің ішкі және сыртқы бағалары

2025 жылғы ақпан айында ФАО-ның азық-түлік бағалары индексі айлық мәнде 1,6%-ға өсті, жылдық мәнде бағаның өсуі жеделдеп, 8,2%-ды құрады. Еттен басқа барлық азық-түлік түрлерінің бағасы қымбаттады. Сонымен қатар, өсімдік майлары мен қанттың әлемдік және ішкі бағалары бір-біріне жақындағаны байқалды. Астық пен еттің баға айырмашылығы ұлғайды.


2025 жылғы ақпанда әлемдік нарықтағы астық бағасы (АҚШ долларымен есептегенде) аздап өсіп, 0,7%-ға қымбаттады, бұл негізінен бидай мен жүгері бағасының өсуіне байланысты болды. Жылдық мәнде әлемдік астық бағасы 1,1%-ға төмендеді.

Астықтың сыртқы бағасы (теңгемен есептегенде) мен ұнның ішкі бағасы арасындағы бағалық айырмашылығы сәл ұлғайды, бұл теңгенің номиналды айырбас бағамының нығаюымен түсіндіріледі. Жалпы, әлемдік астық бағасы мен отандық ауыл шаруашылығы өндірушілерінің астыққа деген бағалары арасында жоғары корреляция байқалады. Сонымен қатар, 2022 жылдың ортасынан бастап ұнның тұтыну бағасы мен астықтың сыртқы және ішкі бағалары арасындағы айырмашылық өндірістік шығындардың жоғары болуымен түсіндірілуі мүмкін (5-график).

2025 жылғы ақпан айында өсімдік майларының әлемдік бағасы өткен аймен салыстырғанда 2%-ға өсті (АҚШ долларымен есептегенде). Жылдық мәнде бағалар 29,1%-ға қымбаттады. Барлық май түрінің бағасы қымбаттады. Ақпан айында майлар бойынша бағалық айырмашылық ішкі бағалардың өсуі және теңгенің номиналды айырбас бағамының нығаюы


нәтижесінде теңгемен есептелген әлемдік май бағасының төмендеуі аясында қысқарды (6-график).

5-график. Дәнді дақылдар, 2019 жел. = 100



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеуі<sup>2</sup>

6-график. Өсімдік майлары, 2019 жел. = 100




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеуі

2025 жылғы ақпанда қанттың әлемдік бағасы алдыңғы аймен салыстырғанда 6,6%-ға өсті (АҚШ долларымен есептегенде), бұл үш ай қатарынан төмендегеннен кейінгі алғашқы өсім болды. Баға өсімі Бразилия мен Үндістандағы ұсыныстың қысқаруы мүмкін деген қауіпке байланысты. Жылдық мәнде қант бағасының төмендеуі жалғасып, 15,8%-ды құрады. Әлемдік нарықтағы қант бағасының айтарлықтай өсуі теңгенің нығаюымен ішінара жабылды, ал ішкі бағалар өсті, бұл баға айырмашылығының қысқаруына алып келді (7-график).


Еттің әлемдік бағасы алдыңғы аймен салыстырғанда 0,1%-ға төмендеді (АҚШ долларымен есептегенде), бірақ өткен жылмен салыстырғанда 4,8%-ға жоғары болды. Бұл құс еті мен шошқа етінің арзандауына байланысты. Сонымен қатар, сиыр етіне деген сұраныстың тұрақты түрде жоғары болуы оның бағасы ары қарай өсуіне әсер етті (8-график).

7-график. Қант, 2019 жел. = 100



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеуі

8-график. Ет, 2019 жел. = 100



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеуі

<sup>2</sup> Мұндағы және 6,7,8 кестелердегі есептеулер теңгенің АҚШ долларына шаққандағы орташа айлық бағамымен жүргізілді. Дифференциал теңгемен көрсетілген азық-түлікке әлемдік бағалар мен тиісті азық-түлік өніміне тұтынушылық бағалар арасында есептелген.


2025 жылғы ақпан айында еттің ішкі және сыртқы бағалары (теңгемен есептегенде) арасындағы баға айырмашылығы ары қарай ұлғайды. Бұл ақпандағы ет бағасының әртүрлі бағытта өзгеруіне байланысты болды: ішкі бағалардың өсуі, сыртқы бағалардың төмендеуі және теңгенің нығаюы осы үрдіске ықпал етті.

### Азық-түлік емес инфляция

2025 жылғы ақпанда азық-түлік емес тауарлар бағасының жылдық өсу қарқыны 8,7%-ға дейін жеделдеді (2025 жылғы қаңтарда – 8,4%). Жекелеген тауарлар бойынша, киім мен аяқ киім, жанар-жағармай мен құрылыс материалдары, дәрі-дәрмек, медициналық жабдықтар мен аппаратура бағасының жылдық өсу қарқыны жеделдегені тіркелді.

Сонымен қатар, автокөлік, жуу және тазалау құралдары, қатты отын және киім тігуге арналған материалдарда жылдық дезинфляция байқалды. Бұған қоса, шыныдан жасалған бұйымдар мен жеке пайдалануға арналған электр құрылғылары секілді жекелеген тауар топтары бойынша жылдық дефляция тіркелді (9-график).

9-график. Тауарлардың азық-түлік емес жылдық инфляциядағы үлесі, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2025 жылғы ақпан айында азық-түлік емес тауарлардың айлық баға өсімі 1%-ға дейін жеделдеді (2025 жылғы қаңтарда – 0,6%). Бұл ішкі сұраныстың тұрақты болуы және 2024 жылдың соңында теңгенің әлсіреуіне байланысты бағаның қайта қалыптасуы аясында тауарлардың кең ауқымында бағаның өсуіне байланысты болды.

Азық-түлік емес сектордағы айлық инфляцияға ең үлкен үлесті дыбыс-бейне шолу жабдықтары бағасының 4,1%-ға өсуі қосты. Сонымен қатар, жеке пайдалануға арналған электр тауарлары 3,5%-ға, тұрмыстық және бақша құралдары 3,2%-ға, тұрмыстық техника 2,5%-ға, құрылыс материалдары 1,1%-ға қымбаттады. Бұған қоса, жанар-жағармай (ЖЖМ) 0,5%-ға қымбаттады, бұл отын бағасын ырықтандыру үдерісіне байланысты болды. Тұтыну қоржынындағы отынның айтарлықтай үлесі және оның басқа тауарлардың өзіндік құнына әсері ескерілгенде, ЖЖМ бағасының әрі қарай өсуі жалпы инфляцияға қосымша қысым түсіруі мүмкін.

## Ақылы қызметтер инфляциясы

2025 жылғы ақпанда ақылы қызметтер бағасының жылдық өсу қарқыны 14,1%-ға дейін жеделдеді. Бағаның жеделдеуінің негізгі факторлары – реттелетін тұрғын үй-коммуналдық қызметтер тарифтерінің көтерілуі, сондай-ақ жекелеген нарықтық қызметтердің қымбаттауы болды. Атап айтқанда, денсаулық сақтау қызметі, шаштараз қызметі және кешенді демалысты ұйымдастыру қызметі айтарлықтай қымбаттады (10-график).




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2025 жылғы ақпанда ақылы қызметтердің бір айдағы баға өсімі айтарлықтай жеделдеп, 2,1%-ға жетті (2025 жылғы қаңтар – 1,1%). Нарықтағы қызметтер арасында жекелеген санаттар бойынша бағаның айтарлықтай өскені байқалды. Атап айтқанда, кешенді демалысты ұйымдастыру қызметтері 10,8%-ға қымбаттады, оның ішінде Дубай мен Түркияға жолдамалар қымбаттаған. Сонымен қатар, аурухана қызметтерінің бағасы 3,2%-ға, амбулаториялық қызметтер 1,9%-ға, шаштараз қызметтері 1,7%-ға өсті. Тасымалдау қызметтері де 1,3%-ға қымбаттады, бұл негізінен әуе билеттерінің 12,1%-ға өсуіне байланысты болды.

Сонымен қатар, тұрғын үйді жалға алу ақысының айлық өсімі қаңтардағы 2,7%-дан 2025 жылдың ақпанында 0,3%-ға дейін баяулады. Сақтандыру қызметтерінің бағасы 1,7%-ға төмендеп, ақылы қызметтер инфляциясына тежегіш әсер берді.

2025 жылғы ақпанда реттелетін тұрғын үй-коммуналдық қызмет тарифтерінің айлық өсімі айтарлықтай жеделдеп, 7,1%-ды құрады (жылдық өсім – 24,9%) (11-график). Ең жоғары тариф өсімі сумен қамтамасыз ету қызметтерінде тіркелді – 29,2%. Сондай-ақ, орталықтан жылыту (6,2%), ыстық су (5,3%), электр энергиясы (1,8%) және газ (1,1%) тарифтері көтерілді. Ал су бұру қызметтерінің бағасы алдыңғы аймен салыстырғанда 0,2%-ға төмендеді.

11-график. Өңірлер бойынша реттелетін ЖКҚ бағасының өсуі, 2025 жылғы қаңтар-ақпан, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Өндіруші бағалары

2025 жылғы ақпан айында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің бағасы бидай мен тауық жұмыртқасының арзандауына байланысты ары қарай төмендеді. Азық-түлік тауарларын өндірушілер бағасының өсуі қалыпты деңгейде сақталды. Қызмет көрсету саласында жүк тасымалы тарифтері автокөлік және әуе көлігі бойынша тағы да өсті. Жылжымайтын мүлік бағасы мен жалдау ақысы да өсуін жалғастырды.

12-график. Ауыл шаруашылығындағы бағалар ж/ж, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2025 жылғы ақпанда өсімдік шаруашылығындағы бағаның төмендеуі жалғасты, бұл 2024 жылы астықтың мол жиналуына байланысты болды (12-график). Бағаның төмендеуіне қарақұмық, сәбіз және жылыжай қызанақтарының арзандауы да ықпал етті.


Мал шаруашылығында жалпы баға деңгейі тауық жұмыртқасының арзандауы есебінен төмендеді. С1 санатындағы жұмыртқа бағасының төмендеуі – бағаны тұрақтандыру шараларының нәтижесі, бұл

шаралар жыл аяғына дейін жалғасады<sup>3</sup>. Сонымен қатар, ірі қара мал мен құс бағасының өсуі қалыпты қарқынмен жалғасты.

2025 жылғы ақпанда азық-түлік тауарларын өндірушілер бағасының өсуі жалғасты (13-график). Майлар мен тоң май, сүт өнімдері, ұн тарту-жарма, нан-тоқаш, макарон және ұн өнімдерін өндірушілер бағасының өскені байқалды. Өсімдік шаруашылығындағы бағаның төмендеуі көбіне дайын мал азығы өндірушілерінің бағасының төмендеуіне әсер етті.

Электр және сумен жабдықтау тарифтерінің көтерілуі, сондай-ақ жүк тасымалдау және сақтау қызметтерінің қымбаттауы өндіріс шығындарына қысым түсіруді жалғастыруда.

13-график. Азық-түлік өндірушілердің бағасы ж/ж, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2025 жылғы ақпан айында азық-түлік тауарларын көтерме жеткізу бағасының өсуі импорттық азық-түліктің қымбаттауына байланысты болды (14-график). Атап айтқанда, күнбағыс майы, кофе, какао, дәмдеуіштер, қант, шоколад, нан-тоқаш және кондитерлік өнімдер қымбаттады.


Азық-түлік емес тауарлар құрылымында ТМД елдерінде өндірілген импорттық маталар, дәрі-дәрмек және ТМД-дан тыс елдерде өндірілген автокөліктер бағасының өсуі жалғасты (15-график).

14-график. Азық-түлік тауарларының көтерме бағалары



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ


15-график. Азық-түлік емес тауарлардың көтерме бағалары



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

<sup>3</sup> Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі, Қазақстан құс өсірушілер одағы және Қазақстан жұмыртқа өндірушілер қауымдастығы арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум

16-график. Жүк тасымалдау тарифтері, ж/ж, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Жылжымайтын мүлік нарығында жаңа тұрғын үй бағасы 4,8% ж/ж қымбаттағаны байқалады. Бірінші нарықтағы тұрғын үй бағасының өсуі 2025 жылғы қаңтарда тұрғын үйді пайдалануға беру қарқынының төмендеуімен және құрылыс шығындарының артуымен түсіндіріледі. Сонымен қатар, қайталама нарықтағы тұрғын үй бағасы 5,4% ж/ж өсті.

Тұрғын үйді жалға алу құнының қымбаттауы жылжымайтын мүлік бағасының өсу қарқынынан артық болып, 12,0% ж/ж құрады. Жалға алу құнының өсуі коммуналдық қызметтердің қымбаттауына және жылдың басында нақты табысты қолдау мақсатында жүргізілетін индекстеуге байланысты болуы мүмкін (17-график).

2025 жылғы ақпанда автокөлікпен жүк тасымалдау тарифтерінің өсу қарқыны 1,2% ж/ж дейін жеделдеді. Бұл жанар-жағармайға шекті баға белгілеу тәртібінің күшін жойғанына байланысты болды. Сонымен қатар, әуе көлігімен жүк тасымалдау құнының өсуі 1,5% ж/ж деңгейінде тіркелді (16-график).

17-график. Жылжымайтын мүлік нарығындағы бағалар, %, ж/ж



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

\* Облыстық және республикалық маңызы бар қалалардағы тұрғын үйдің жалға алу құны